

Салқынбай А.Б.  
**Тіл ғылымы – ғылымдардың  
бастауы**

Мақалада Шығыстан шыққан әлем ғұламасы Әбу Насыр Әл-Фарабидың тіл білімі және сөзге қатысты айтқан ғылыми тұжырымдары ғылыми тұрғыдан зерделенеді. Ғұламаның “Ғылымның шығу тегі туралы” еңбегіндегі кез келген ғылым саласының бастауы өз ойын жеткізе білуден, оқу мен оқытудан, сұрау мен жауап алудан басталатынын тіл туралы ғылым дегені талданып, қазіргі ғылыми жетістіктер тұрғысынан Әл-Фарабидың атап көрсеткені тіл білімінің «тіл философиясы», «грамматика», «когнитивті тіл білімі» мен «функционалды тіл білімін» немесе лебіздің (речь) құрылымын зерделеуді меңзейтіндігі талданады.

Мақалада “Слово о классификации наук” атты трактатындағы ғылымдардың талдануы, әл-Фарабидың тіл және оның тараулары туралы ғылымды ерекше көрсететіні зерделеніп, оған терең мән беріледі. Тіл – адам баласының қоғамда өмір сүруінің басты кепілі болғандықтан, оған қашанда терең мән берілгені айқындалып, адам баласы өзінің жалпы болмысында, қоғамда өмір сүруінде, өзге ғылым салаларын игеруде алдымен тілге мұқтаж екендігі көрсетіледі. Адам сөйлеу арқылы ойлайды, ойлау арқылы сөйлейді. Сөйлеу мен ойлау бар жерде – адам бар. Ойлауы мен сөйлеуін басқара алған кісі – толық адам, кемел адам деген тұжырым жасалады.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби, сөз, тіл, фарабитану, ғылым классификациясы.

Salkynbay A.B.  
**The science of language is the  
beginning of all sciences**

This paper studies the scientific positions of outstanding scientist of East Abu Nasir Al-Farabi on linguistics and speech. Analyzed conclusions of the thinker in his treatise “On the origin of science”, it argues that the basis of any science is the science of language, which begins with the expression, acquire and teaching knowledge, with questions and answers. From the point of view of modern science thought of Al-Farabi on linguistics reflects the study of the structure of speech, “the philosophy of language”, “grammar”, “cognitive and applied linguistics.”

The article focuses on the classification of sciences of al-Farabi, among which he highlights the science of language and its sections in the treatise “The Book of the Enumeration of the Sciences.” Since language is an inherent part of human society, human nature, social life, the study of the Sciences depends on its language. Language and thought – are the essence of a human. In conclusion it indicates that the perfection of a human depends on his management thinking and speech. In conclusion indicates that the perfection of a human depends on its management thinking and speech.

**Key words:** Al-Farabi, word, language, explore Farabi, the classification of sciences.

Салқынбай А.Б.  
**Наука о языке –  
начало всех наук**

В статье изучаются научные положения выдающегося ученого Востока Абу Насыра аль-Фараби о языкознании и о слове. Анализируются выводы мыслителя в трактате “О происхождении наук”, где утверждается, что в основе любой отрасли науки лежит наука о языке, которая начинается с выражения мысли, получения и преподавания знания, с вопросов и ответов. С точки зрения достижений современной науки мысль Аль-Фараби о языкознании отражает изучение структуры речи, “философию языка”, “грамматику”, “когнитивную и прикладную лингвистику”.

В статье особое внимание уделяется классификации наук Аль-Фараби, среди которых он выделяет науку о языке и ее разделах в трактате «Слово о классификации наук». Так как язык является неотъемлемым атрибутом жизнедеятельности человека в обществе, природа человека, социальная жизнь, изучение наук зависит от его языка. Язык и мышление – суть человека. В заключении указывается, что совершенство человека зависит от его управления мышлением и речью.

**Ключевые слова:** Аль-Фараби, слово, язык, фарабиведение, классификация наук.

**ТІЛ ҒЫЛЫМЫ –  
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ  
БАСТАУЫ**

Табиғат әлемі, адам баласының болмысы және оның айналасындағы құбылыстардың тілдік бірліктердегі көрінісі – философия мен тіл білімінің ең іргелі де маңызды теориялық мәселелерінің бірі. Белгілі уақыт шеңберінде адам баласының табиғаттағы болмысты тануы, білуі маңызды. Кез келген зат не құбылыстың сан-алуан белгілері мен өзіндік ерекшелігін, қасиеті мен қызметін, әрекеті мен қозғалысын саралау, оны тілдік таңбамен бейнелеу – саналы адам баласының басты қызметі, мүдделіліктен туындайтын қажеттілігі.

Әлем бейнесінің көркін бейнелеуде, оның әртүрлі иірімді нышандарын таңбалауда сөздің атқарар рөлі орасан маңызды. Олай деуіміз, адам баласы таныған болмыстың қасиеті мен белгісін таңбалау атау сөздердің еншісінде. Болмыс қасиетін танып, ол туралы ұғымға атау беру – күрделі танымдық үдеріс десек, атау беру жүйесі мен жолын зерделеудің де өзіндік ұзақ тарихы бар. Тегінде, ғылымның басы осы ғылымнан басталды деп айтудан гөрі, ғылымның басталуына қандай танымдық қажеттілік себеп болды деу сыйымдырақ. СӨЗ болмысы, сөз табиғаты мен қызметі, пайда болу жолдары, сөздің ойлаумен байланысы сияқты сауалдар көне грек философтарынан бастап талай ойлы ғұламалар алдында тұрғаны белгілі. Сауалдың бір сарасының жауабы түркі топырағында да жазылған. Түркі тектес елден шыққан ғұлама ғалымдар СӨЗ табиғаты, тілдің шығуы, тіл мен ойлаудың арасындағы қатынас жайында өздерінің терең ойларын жазып та, айтып та қалдырған.

Түркі ғұламаларының ішіндегі ерекше көзге түсетіні Шығыстан шыққан әлем ұстазы әл-Фараби. Әл-Фараби туралы атақты фарабитанушы ғалым Ақжан Машанов былай деп жазған екен: “Біздің қазіргі толқын-толқыны көп заманда әл-Фараби сияқты әділетті жандардың жаққан шам шырағына қарай бет бұру. Адастырмас сара жол – әл-Фараби жолы. Бізге белгілі ұрпақ ұландарының ішінде оның жолын қуған, онан тағылым алған Абай. Әл-Фараби жолы шындық пен өмір сүру жолы, шындық іздеу жолы, адамдық, ардың жолы, әділетті нысап жолы. Әл-Фараби жолының мәңгілік сыры осында. Сол үшін де оны дүние жүзіндегі адам баласы жоғары бағалайды”. Әл-Фараби даналығын осылайша бағалай алған ғалымның өзі де үлкен, жоғары деңгейге жеткендей екен-ау дейміз. Әл-Фараби ба-

бамыз көрсеткен сара жолдағы шындық пен өмір сүру жолы, шындық іздеу жолы, адамдық, ардың жолы, әділетті нысап жолының негізгі сорабы тілде таңбаланған. Уақыт кей бояуын көмескілегенмен, тіл ғылым мен ілімнің дара белгілерін таңбалап, көзі қарақты, көкірегі ояу жеткіншекке баба мұраларын тәптіштеп жария еткісі-ақ келеді. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” дегенде не айтқысы келгенін білмей жүрген біздер ғана. Тілдің хабар жеткізушілік қасиетінің бір сыры осында жатса керек.

Әл-Фараби заманында жалпы ғылыми ой теологиялық діни негізде дамыды. Бұл тіл ғылымына да өз әсерін тигізді. Тілдің ең негізгі мәселесі – атаудың жасалуындағы адамның рөлі, зат пен атау арасындағы байланыс болса, теологиялық теория бойынша кез келген атау адам баласына Алланың шапағатымен берілген деп танылды. Адам тілді Алланың үйретуімен білген деп пайымдалды.

Сөздің әуелгі иесі Алла; Алланың үйретуі арқылы адам баласы тілді меңгерген деген мотив көптеген дінге ортақ көзқарас. Тілді құдіреттің адамға берген сыйы ретінде бағалау ірі теоретиктердің еңбегінде әсіресе, араб тіл білімінде терең зерттелген.

Еуропа ғылымында тілдің шығуы, атаудың пайда болуы Библияда жасалған үлгі бойынша түсіндірілсе, шығыстық, исламдық филологияда Құран негізінде Алла атымен байланыстырып көрсетілді.

Әлемдік ғылымда өзіндік маңызы мен орны бар, қасиетті Отырар топырағынан шыққан ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидың тіл ғылымы туралы айтқан ғылыми ойлары мен тұжырымдарының тағылымы мол.

“Ғылымның шығу тегі туралы” деп аталатын еңбегінде кез келген ғылым саласының бастауы, ең алдымен, өз ойын жеткізе білуден, оқу мен оқытудан, сұрау мен жауап алудан басталатынын айта келіп, “...Первой их всех наук является наука о языке, которая дает имена вещам, то есть субстанции и акциденций” дейді [1.78]. Екінші ғылым ретінде ғұлама – грамматиканы атайды, өйткені ол заттарға берілген атауларды тәртіпке түсіреді, қалай сөйлеу керектігін, өз ойынды дұрыс жеткізудің жолдарын көрсетеді, субстанция мен акциденцияның орналасуы мен олардан туындайтын сан алуан құбылыстарды белгілейді. Үшінші ғылым – логика. Ол сөйлемді қалай құрау қажеттілігін, ненің шын, ненің жалған екенін танытады деген ой-тұжырым айтады. Төртінші ғылым – поэтика, ол сөйлеу жүйесін лайықты, бір ізбен орындауды, сөздің

ішкі сәйкестігін сақтап, уақыт дергейімен сөйлеуді үйретеді дей келіп, төрт алты, сегіз сандары туралы мынадай қызық ой айтады. “Эти числа завершающие и наиболее приспособленные для этой цели”. Осы сандардың қасиетін біз әлі күнге дейін тани алмай жүргеніміз анық. Бір ғылым еңбегінде, айталық “төрт көзі түгел” дегенді екі адамның бірімен-бірі жолығып, әңгімелесуі, сонда төрт көз болады деген ойын оқыдық. Ал әл-Фараби төрт саны – аяқталғандықты білдіреді деп жазады. Ал, А. Машанов “от – төрт үшкіл” дейді. “Төрт көзі түгел” деу тек көздің санымен байланысты болмаса керек. Әл-Фарабидың тіл ғылымын осылайша ерекше бағалауының мәнісі оның қатынас құралы ретіндегі қызметі мен хабар жеткізуші, жад қалыптастырушы қасиеттерін бағалауынан болса керек. Қазіргі ғылыми жетістіктер тұрғысынан бағалар болсақ, дана баба сөзі бүгінгі тіл білімінің тіл философиясы, грамматика, когнитивті тіл білімі мен функционалды тіл білімін немесе лебздің (речь) құрылымын зерделеуді мензейді.

Әл-Фараби “Слово о классификации наук” атты трактатында жалпы ғылымды бес бөлімге бөледі де, оның ең біріншісін ұлы ғалым тіл және оның тараулары туралы ғылым деп ерекшелейді. Мұнда қанда мән бар? Тереңірек зерделеп байқар болсақ, бүгінгі таңдағы “лингвистика” деп аталатын ғылым саласына деген көзқараспен әл-Фарабидың тіл біліміне деген көзқарасы бір-бірінен мүлде алшақ жатқандай. Бабамыздың тіл ғылымына мұнша зор маңыз беруінің басты себебі неде? Ойлап қарасақ, тіл – адам баласының қоғамда өмір сүруінің басты кепілі, негізі. Тіл, ең алдымен, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы. Олай болса, адам баласы өзінің жалпы болмысында, қоғамда өмір сүруінде, өзге ғылым салаларын игеруде алдымен тілге мұқтаж. Сөйлеу арқылы ойлайды, ойлау арқылы сөйлейді. Сөйлеу мен ойлау бар жерде – адам бар. Ойлауы мен сөйлеуін басқара алған кісі – толық адам, кемел адам. З. Қабдолов мұны «бүтін бітім» деген термин сөзбен атаған-ды [3].

“Наука о языке” деп аталған бөлімде ғалым тіл ғылымын екі бөлікке бөліп қарайды. Бірінші: белгілі бір халықтың дүниетанымын айқындайтын сөздердің танылуы және олардың әрқайсысын айқындайтын білім; екінші: сөздерді бағындырып тұрған заңдардың ілімі. Әл-Фараби тіл білімінің ішкі заңдылықтарын әмбебап, жалпы пікірді айқындайтын заңдар ретінде зерделейді.

Сол кезеңдегі араб тілінің ғылыми деректеріне, ғылымның даму дәрежесіне сәйкес, әр

халықтың тіл білімі ғылымын жеті ірі бөлікке бөліп, олардың ерекшеліктері мен ішкі заңдылықтарын айқындайды.

Аталған трактаттың екінші “Логика” атты бөлімінде сөздің ішкі мәніне, ойлаумен арасындағы байланысқа терең үніліп, ғылыми тұжырымдар айтады.

Ғұлама “сөз – ойдың көрінісі, бейнесі” деген тұжырым айтады: *“Слово становится внешним благодаря голосу, а то, благодаря чему человек подтверждает для себя мнение, – это речь, расположенная в душе; то же, благодаря чему человек подтверждает свое мнение в других, – это речь, выходящая (наружу) посредством голоса”* деп жазады [2.39]. Яғни сөз – дыбыстық жамылғышқа ие болған белгілі зат не құбылыстың атауы, ал сөйлеу (лебіз) – екінші біреуге белгілі ойды, хабарды жеткізуде дыбыс арқылы таңбаланатын пікір деп танылады. Сөйлеу – адамның жан дүниесінде (душа) жататын, дыбыс арқылы сыртқа шығатын ой деп тұжырым жасайды. Көне ғылымда сөйлеуді *силлогизм* деп атаған.

Ғалым логика мен тілдің арасындағы жақынддық пен байланысты терең ашады. Сөздердің барлық халық тілдеріне ортақ әмбебап белгілері бар екенін, кей сөздер мен сөз тіркестерінің барлық тілдерге ортақ болатынын талдап жазады. Мұның өзі кей сөз мағыналарының ортақтығын анықтағанын көрсетсе керек. Сонымен бірге ғалым әр тілдің өзіне тән ерекшелігі, соған сәйкес ерекше грамматикасы болатынын жазады. Грамматиканың барлық халықтың сөздерімен ешқандай қатынасы жоқ, грамматистер белгілі тілдегі бар деректерге ғана сүйенеді, ал логиктер сөздің мәнін ашу арқылы оның жалпы заңдылықтарын айқындайды дей отырып, сөздің жалпы болмысы мен ұғымдық мәнін зерделейді.

Көне дәуір ғылыми ұғымында “логиканың” негізгі мағынасы, мазмұны мен мәні, мақсаты СӨЗ-бен тікелей байланыста, бірлікте қарастырылған. Әл-Фараби зерттеуінде логиканың негізгі мазмұны мынадай үш мәнде қарастырылғаны көрсетілген:

Дыбысталу арқылы сыртқа шыққан сөйлеу (лебіз).

Сөз арқылы айқындалатын адам жан дүниесінің көрінісі.

Адам баласының жан дүниесі. Жан дүниесі арқылы адам табиғаттағы болмысты таниды, түйсінеді; ғылым мен өнердің негізгі нысанына айналдырады.

Әл-Фараби атаудың табиғатын ойлаумен тікелей байланыста, бірлікте зерттейді. Сөз – ой-

лаудың жемісі, бейнесі деп түсінсек, ғалым-баба ойларын тереңдей түсіне, түйсіне түсу лазым.

Атау – тек белгілі дыбыстардың жиынтығынан құралмайды, сонымен бірге адам жаны мен сезімі арқылы пайда болған ойдың тікелей көрінісін таңбалайды. Осы ретте, сөздің (атаудың) семантикалық мағынасы мен мазмұнын зерттеудің мәні ерекше болады.

Логика ілімі мен тілдің ішкі байланысы ұғым мен сөздің мағынасы арасындағы қарым-қатынаста айқындалады. Әл-Фараби логиканың негізгі заңдары сөйлеудің ішкі және сыртқы заңдарын белгілеп беретінін атап көрсетіп былай деп жазады: *“Поскольку эта наука (логиканы айтып отыр – А.С.) дает законы внешней и внутренней речи, то благодаря этому она исправляет третью речь, которая от природы заложена в человеке, и направляет ее на то, чтобы она выполняла свое дело в обоих этих направлениях только наиболее правильно, совершенно и превосходно; именно поэтому эта наука носит название, образованное от слова речь, употребительного в трех смыслах”* [4.41-бет]. Ғалым бұдан әрі көптеген зерттеушілер логиканы “мантик” деп атайтынына ерекше назар аударады. Араб тілінде логика деген ұғымды білдіретін “мантик” сөзі, “нутк” (сөйлеу), *натака* (айту) деген атаулармен түбірлес.

Сөз мағынасы алғашқы макросемалы этимон түбірдің архисемасы арқылы негізделе дами отырып, деректі және дерексіз ұғымдардың атауын таңбалауда қолданылады. Сөз мағынасының дамуы, әрине, сөздік құрамның жетілуіне әкеледі. Ол адам баласының дүниетанымының жетілуімен тікелей байланысты. Болмыстағы құбылыстардың негізгі іргелі қасиеттері мен белгілерінен бастап, олардың шағын мәнді белгілерін, қасиеттерін белгілеуде қолданылатын сөздің мағыналық дамуы ұғымның дамуымен тікелей байланысты. Болмыс белгілерінің бір-біріне ұқсас, жақын немесе қарама-қарсы қатынаста болуы – атаудың да осындай сипатты белгілерінің қалыптасуының негізгі факторы.

Әл-Фараби: *“Знай, что нет ничего, кроме субстанции и акциденции и творца субстанции и акциденции, благословенного в веках”* дейді. Ал А. Машанов “дүниені құраушы сәуле шоғырлары, зат бөлшектерінің аралары жақындап, кейде алыстап отырған, бірақ араларын жалғастырған сәуле көпірі – сад ешқашан жоғалмаған. Сад – деген сөздің арабша мағынасы көп. Оны әл-Фарабидің түсінуі – қолдануы, жалғастырушы, тіркеуші, жіп, жабушы, толтырушы, шектеуші, қорғаушы мағынасында. Басқаша айтқанда дүниенде бос орын жоқ, қатынассыз нәрсе жоқ, дү-

ние шекті нәрсе, оның әрбір мүшесі өзінің көрікті заңды орнын алған, біртұтас құрылым – космос” – дейді [5. 57]. Дүние болмысын таңбалайтын СӨЗ әлемінің бір-бірімен байланыстылығы, қатыстылығы, шекті нәрсені таңбалайтындығы да осымен байланысты болса керек.

Жалпы тілдің кешенді жүйелі құрылым екенін еске алсақ, сөздің барлық сала үшін де әмбебеп бірлік екенін айту қажет. Сөз – тілдік бірлік. Оның әртүрлі қызметі мен мағынасын, жасалу жүйесі мен қалыптасу сипатын зерделеудің барысында фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары бөлініп шыққан. Сөздің дүниетанымдық қырын, болмыспен, ойлаумен арасындағы қатынасын, әлеуметтік мәнін, рухани мәдениеттегі орнын анықтауда семантика, когнитология, психоллингвистика, әлеуметтік тіл білімі, т.б. салалар дүниеге келген. Дұрысы, тілді, тілдік бірліктерді кешенді бағытта зерттеу. Бүтіннің бүтіндігін тану үшін, бір бөлшегі арқылы да анықтауға болатыны рас (мұхит суының дәмін бір қасық судан да білуге болатыны сияқты). Тіл – бүтін құбылыс, сондықтан оның негізгі, басты бірлігі – сөздің қасиеті мен мәнін анықтауда жекелеген сипаттарын ғана талдаумен шектелмей, жалпы құбылыс ретіндегі мәні мен мағынасын ашуға ұмтылған жөн.

Қазіргі ғылыми көзқарастар бойынша, атау жасалуының бірнеше сатысы бар:

**Атаудың қарапайым сатысы** болмыстың негізгі белгісі мен қасиетін бағамдаудың, саралаудың нәтижесінде пайда болатын ұғымды атау процесі. Яғни атау – болмысқа тән негізгі белгілерді таңбалау арқылы туындайды. Осының нәтижесінде алғашқы зат есім мен етістікті сөздер, олардың предикативтілік қатынасы, локативтік қатынастары орнайды. Тарихи грамматикалық зерттеулердегі түбір синкретизмі туралы мәселе атаудың осы аталған бірінші сатысында болатын процесс болса керек.

**Атаудың екінші күрделі сатысы** – тілдегі бар таңбалардың негізінде транспозиция арқылы жасалатын, ұғымның мәнді, мәнсіз номинативтік белгілерін атау процесі. Яғни әуелгі таңбаның мағыналық және тұлғалық дамуы нәтижесінде туындай атаулардың жасалуы, алғашқы мағыналық құрылымының жаңа таңба ретінде түрлене өзгеруі, транспозициялануы деп танымыз. Номинацияның екінші күрделі сатысында болмыстың бұрын көзге түспеген, байқалмаған қасиеттері мен белгілері айқындалады. Осы жаңа ерекше белгілер туындай сөздің негізгі ерекше номинативтік белгісіне айналады. Жаңа ұғымды жаңа атаумен, өзгеше таңбамен атау үшін, бұрынғы таңбаның транс-

позицияланған жаңа сипаты пайда болады. Алғашқы танылған белгіге жақындығы, ұқсастығы, алыстығы, қарама-қарсылығы арқылы пайда болған жаңа ұғым бұрынғы таңбаның негізінде жаңа мән ала отырып, тұлғалық және мағыналық өзгеріске түсіп, туынды атау жасайды.

Болмыстың ұқсас, жақын, мәндес, салалас белгілері туралы ұғымды таңбалайтын атау көпмағыналылық пен синонимдік қатар туғызады. Ал бір-біріне қарама-қарсы белгілер туралы ұғымды таңбалайтын атау антонимдік қатарды жасайды. Сонымен, әлем бейнесін тану, таңбалау жүйелі процесс. Оның сан-салалы қыры өзіндік ішкі заңдылықтарға негізделеді. Әлем бейнесінің кейін танылған келбеті, бейнесі бұрыннан белгілі таңбалардың негізінде таңбаланып, өзіндік генетикалық фон жасайды. Атаудың жасалуы, түбірлес сөздердің табиғаты, сөзжасамдық ұя осы бағытта түсіндірілуі қажет деп пайымдаймыз.

СӨЗ-ді ономасиологиялық аспектіден зерделеу көптеген мәселелердің бетін ашуға көмектеседі. Ең алдымен, тілдің номинативтік қызметінің оның коммуникативтік және когнитивтік танымдық қызметтерімен тығыз байланысын анықтауға септігін тигізеді. Бұл байланыс әсіресе жаңа туынды атаудың пайда болуы процесінде айқын аңғарылса керек.

Жалпы тілдің кешенді жүйелі құрылым екенін еске алсақ, сөздің барлық сала үшін де әмбебеп бірлік екенін айту қажет. Сөз – тілдік бірлік. Оның әртүрлі қызметі мен мағынасын, жасалу жүйесі мен қалыптасу сипатын зерделеудің барысында фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары бөлініп шыққан. Сөздің дүниетанымдық қырын, болмыспен, ойлаумен арасындағы қатынасын, әлеуметтік мәнін, рухани мәдениеттегі орнын анықтауда семантика, когнитология, психоллингвистика, әлеуметтік тіл білімі, т.б. салалар дүниеге келген. Дұрысы, тілді, тілдік бірліктерді кешенді бағытта зерттеу. Бүтіннің бүтіндігін тану үшін, бір бөлшегі арқылы да анықтауға болатыны рас (мұхит суының дәмін бір қасық судан да білуге болатыны сияқты). Тіл – бүтін құбылыс, сондықтан оның негізгі, басты бірлігі – сөздің қасиеті мен мәнін анықтауда жекелеген сипаттарын ғана талдаумен шектелмей, жалпы құбылыс ретіндегі мәні мен мағынасын ашуға ұмтылған жөн.

Қорытындылай айтқанда, әл-Фараби тілдің орны мен маңызын терең бағалап, оны ғылымдардың негізгісі және іргелісі деп таныған. Сондықтан трактаттарында тіл – ғылымдардың ішінде бірінші орында тұр.

### Әдебиеттер

1. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым. – 1994. – 441 б.
2. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым. – 1994. – 39-б.
3. Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат. 2006. – 4-том, – 216-б.
4. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 41-б.
5. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

### References

- 1 Al Farabi. Favorites treatise. – Almaty, “Science”. – 1994. – 441b.
- 2 Al-Farabi. Favorites treatise. – Almaty, “Science”. – 1994. – 39 p.
- 3 Kabdolov Z. My Auezov. – Almaty, “Category”. – 2006. Volume 4, P. 216.
- 4 Al-Farabi. Favorites treatise. – Almaty, “Science”. – 1994. – 41 p.
- 5 Mashanov A. Al-Farabi and Abay. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – 192 p.